

Бекітіді
ЖШС «Silk Way мектеп-лицейінің»
Директоры
Али Тор

Келісілді
Директордың ғылыми-әдістемелік
жұмыстары жөніндегі орынбасары
А.К.Бисенкулова

Бастауыш сынып бойынша тәрбие жұмысының жылдық жоспары

2022 – 2023 оқу жылы

Бастауыш сынып тәрбие жұмысының тақырыбы:

«Құндылықтарға негізделген білім негізінде оқушыларды адамгершілікке, мәдениеттілікке, білімге құштарлыққа, белсенділікке тәрбиелеу»

Мақсаты

Тәрбие жұмысында құндылықтарға негізделген білім беру жүйесін тәрбиенің жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы өзін-өзі тани алатын, өзін-өзі басқара алатын, интеллектуалды дамыған адамгершілігі мол, мәдениетті, отансүйгіш тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері

- Сыныпта денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
- Оқушыларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- Табиғатты қорғауға, қоршаған ортаны бағалауға тәрбиелеу;
- Отбасын сынып жұмысының тәрбие жүйесіне араластыру.
- Оқушы бойында рухани-адамгершілік тәрбие негізін қалыптастыру, эстетикалық тәрбие арқылы жан сұлулығы мен мейірімділік қасиеттерін жетілдіру
- Сыныптағы, мектепшілік, қоғамдық жұмыстарға жұмыстарға белсене қатысуға дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже

- Ой-өрісі кеңінен, жан-жақты тұлға қалыптасады.
 - Оқушылармен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас орнайды.
 - Жеке бас гигиеналарын ұстануды үйренеді.
 - Ата-анамен жүйеді байланыс орнап, мектеп, ата-ана арасындағы байланыс нығаяды.
- Өзін-өзі тануға ұмтылады, белсенділіктері артады

Мақсаты:

Кураторлар

- «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытуды түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

- «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасының мәнін және оны сынып тәжірибесінде қолдану әдістемесін жетілдіру;
- Оқыту жүйесінің жаңа тәсілдері негізінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын қолдану дағдысын арттыру;
- Сабақта интерактивті тақтаны, электрондық оқулықтар мен электрондық дидактикалық құралдарды тиімді пайдалану арқылы оқушының тақырыпты түсіну деңгейін арттыру;
- Оқушыны интернет желісі мен ұялы телефонның мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өз бетімен қосымша білім алуға дағдыландыру;

Оқушы:

- Оқушылардың патриоттық және азаматтық сана, адамгершілік, толеранттылық, жалпы мәдени, салауатты өмір салтын, шығармашылық қабілетін іске асырудың жоғары деңгейін қалыптастыру;
- Оқушыларда адамдарға қатысты адамгершілік тәрбие, қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын басқа этностар мен этникалық топтар мәдениеті мен дәстүріне құрмет, ұлттық мұраға бейімдеу, толеранттылық сана, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру білігін қалыптастыру негізінде ұлтаралық қатынастар мәдениетін арттыру;
- Өскелең ұрпақ тәрбиелеуде ана тілі, мәдениеті, дәстүрі және басқа да құндылықтар арқылы отбасы рөлін күшейту;
- Оқушының құқықтық санасын, саяси белсенділігін, құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- Оқушылардың ұлттық тәрбие жүйесін дамыту және жаңғырту, девиантты мінез- құлықтардың алдын алу;
- Оқушыларды өздерінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалауға үйрету;
- Оқушыларды сыни ойлауға, еркін сөйлеуге, өз білімін көрсетуге дағдыландыру;

Күтілетін нәтижелер:

Мүғалім:

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын оқушылармен және ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен – тәрбие жұмысының негізгі бағыттары аясында білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Оқушы:

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын Тәрбиелік шаралар арқылы оқушылар өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасайды, өз міндеттеріне жауапкершілікпен карап, оларды тиянақты орындайтын дәрежеге жетеді. Халқымыздың салт- дәстүрі мен мәдениетін қастерлеп ұстауды үйренеді. Мектепте басқа да әлеуметтік ортада оқушылардың өзін әдепті ұстауға, жан- жақты

дамытуға тырысу, өзгеріп жатқан өмірге икемделу сияқты қасиеттерді бойына сіңіруге саналы түрде бетбұрыс жасайды.

Осы тақырыптан, мақсаттан туындайтын 2022 - 2023 оқу жылындағы кураторлардың міндеттері:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңын(2007ж.27шілде), (2015ж. 24.11. өзгерістер мен толтырулар)Қазақстан Республикасының Тіл туралы (1997ж.11 шілде) заңдарын, 2013ж. 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген ҚР-ның Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім туралы стандартын және Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын, 12 жылдық білім беруге көшу туралы нұсқауларын және ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 10 қосымша нысанын басшылыққа ала отырып жұмыс жасау;
2. «2021-2022 оқу жылында ҚР-ның жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» туралы әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алу. «Мәңгілік ел» құндылықтарын бағдарлау;
3. Оқушылардың білім деңгейінің оқу бағдарламасы мен мемлекеттік білім стандарты талаптарына сай болуы;
4. Жоспарлауды тоқсан сайын ұйымдастыру.
5. Ашық тәрбие сағаттарын өткізіп, тәжірибе алмасу.
6. Әр құндылық айында тәрбие сағаттарын және іс-шара өткізу.
7. Кураторлардың көмегімен шеберлік сабақтар, коучингтер, тәжірибе алмасу сабақтарын өткізу.

Тәрбие жұмысының айлық жоспары

Р/с	Жасалатын жұмыстар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
<i>Ынтымақтастық айы</i>			
1	«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарласымен танысу	қыркүйек	Тажиебаева П.
2	2021-2022 оқу жылында жасалған жұмыстардың қорытындысына талдау жасау	қыркүйек	Тажиебаева П.
3	2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну	қыркүйек	Тажиебаева П.
4	1 қыркүйек - Білім күні. Салтанатты жиын	қыркүйек	Педагог-ұйымдастырушы ДТІЖО
5	1 қыркүйек - Білім күніне арналған ашық сабақтар	қыркүйек	Сынып жетекшілер, сынып кураторлары
6	Бастауыш сыныптар арасында "Толағай" отбасылық-спорттық сайысы	қыркүйек	Тажиебаева П. Педагог-ұйымдастырушы
7	Ынтымақтастық айының іс-шарасы (сыныптар бойынша)	қыркүйек	Сынып жетекшілер, сынып кураторлары
8	Тілдер мерекесіне орай «Тілдер ынтымақтастығы» іс-шарасы	қыркүйек	Тажиебаева П. Педагог-ұйымдастырушы
<i>Құрмет айы</i>			
1	Мұғалімдер күні	қазан	Педагог-ұйымдастырушы ДТІЖО
2	Құрмет айының іс-шарасы: Мұғалімдерді құттықтау	қазан	Тажиебаева П, сынып кураторлары
3	Құрмет айының іс-шарасы: Оқушыларға құрмет хат жазу	қазан	Сынып кураторлары
4	Құрмет айының іс-шарасы: Қызметкерлерге құрмет	қазан	Тажиебаева П. Сынып кураторлары
<i>Кемелдену айы</i>			
1	Кемелдену айының іс-шарасы: «Оқырман ұрпақ» кітап оқу акциясы	қараша	Тажиебаева П. Сынып кураторлары
2	«Арайлы алтын күз» іс-шарасы	қараша	Педагог-ұйымдастырушы
3	«Сикырлы күз» сурет және колөнер көрмесі	қараша	Үйірме координаторы, үйірмелер жетекшілері
4	«Эмоция әлемі» психология апталығы	қараша	Мектеп психологтары
<i>Патриотизм айы</i>			
1	Тәуелсіздіктің 31 жылдығына арналған «Тәуелсіз елім, жасай бер мәңгі» мерекелік концерті	желтоқсан	Педагог-ұйымдастырушы
2	3-4 сыныптар арасында «Тәуелсіздікке тарту» шығармашылық сайысы	желтоқсан	Педагог-ұйымдастырушы, сынып жетекшілер, сынып кураторлары

3	1-2 сыныптар арасы «Тәуелсіздікке тарту» флешмоб сайысы	желтоқсан	Тажибәева П. Педагог- ұйымдастырушы, сынып жетекшілер, сынып кураторлары
4	Әліппемен қоштасу	желтоқсан	1-сыныптың сынып жетекшілер, сынып кураторлары
5	Жаңа жыл мерекелік кеші	желтоқсан	Педагог- ұйымдастырушы, сынып жетекшілер, сынып кураторлары
Адалдық айы			
1	Адалдық тақырыбына байланысты заманауи эксперименттер жасау	қаңтар	Тажибәева П. Сынып кураторлары
Жауапкершілік айы			
1	Жауапкершілік айына байланысты сыныпшілік іс-шаралар	ақпан	Тажибәева П. Сынып кураторлары
2	Кураторлар күні	ақпан	Тажибәева П. Педагог- ұйымдастырушы
Ұлттық құндылықтар айы			
1	1 Наурыз – Алғыс айту күні іс-шарасы	наурыз	Тажибәева П. Педагог- ұйымдастырушы
2	8-Наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай мерекелік іс-шаралар	наурыз	Педагог- ұйымдастырушы, сынып жетекшілер, сынып кураторлары
3	«Жігерлі ұлт» ұлттық ойындар (асық ату, тоғызқұмалақ, теңге алу, т.б) эстафетасы	наурыз	Педагог- ұйымдастырушы, сынып жетекшілер, сынып кураторлары
4	22 Наурыз – Ұлыстың Ұлы күніне орай мерекелік іс-шара	Наурыз	Педагог- ұйымдастырушы ДТДЖО
Тазалық айы			
1	Сыныптар арасы тазалық жарысы	сәуір	Тажибәева П. Сынып кураторлары
2	Сенбілік, көгалдандыру жұмыстары	сәуір	ДТДЖО сынып жетекшілер, сынып кураторлары ата-аналар
3	18 сәуір - Халықаралық тарихи жерлер және ескерткіштер күніне орай оқу-танымдық экскурсия ұйымдастыру	сәуір	сынып жетекшілер, сынып кураторлары
Батылдық айы			
1	1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай мерекелік іс-шара	мамыр	Тажибәева П. Педагог- ұйымдастырушы
2	«Мен әкемді мақтан етемін» атты Отанқорғаушылар күніне арналған әкелерді құттықтау шаралары	мамыр	Педагог- ұйымдастырушы,

			сынып жетекшілер, сынып кураторлары
3	9 Мамыр – Ұлы Жеңіс күніне арналған шаралар	мамыр	Педагог- ұйымдастырушы
4	«Атыраулық ардагерлер» қабырға газеттерін жасау	мамыр	сынып жетекшілер, сынып кураторлары
5	Отбасы күніне орай «Отбасыммен бірге...» интеллектум сайысы	мамыр	Тажимаева П. Педагог- ұйымдастырушы Интеллектум пәні мұғалімі сынып жетекшілер, сынып кураторлары
6	Сыныпшілік 1 жылдық есеп хатын жазу	мамыр	Сынып кураторлары
7	4-сыныптардың бастауышпен қоштасу кеші	мамыр	Педагог- ұйымдастырушы, сынып жетекшілер, сынып кураторлары
8	Сонғы қоңырау салтанатты жиыны	мамыр	Педагог- ұйымдастырушы ДТДЖО

Бастауыш сынып кураторларының функционалдық міндеттері

Р/с	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауапты адамдар
1	Жаңа 2022 -2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасау,оны талқылау	қыркүйек	Тажибаева П.
2	Кураторлардың тәрбие сағаттарына қатысып, пікір алмасу	Оқу жылы ішінде	Тажибаева П.
3	Құндылықтарға байланысты мектепшілік іс-шаралар ұйымдастыру	Оқу жылы ішінде	Бастауыш сынып кураторлары
4	Барлық сыныптарда тәрбие жұмысының қорытындысын шығарып отыру	Жартыжылдық сайын	Тажибаева П. және бастауыш сынып кураторлары
5	Бастауыш сынып кураторларының тәжірибе алмасу семинар-тренингтері	Тоқсандық каникул сайын	Тажибаева П.
6	Мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру	Оқу жылы ішінде	Бастауыш сынып кураторлары

Бастауыш сынып кураторларының мәжілістері

№	Мәжіліс	Мерзімі	Қатысушылар
1	Апталық жоспарды талқылау	Екі аптада бір	Бастауыш сынып кураторлары
2	Құндылықтар бойынша жоспар құру, жоспармен таныстыру	Ай сайын	Бастауыш сынып кураторлары
3	Тоқсандық жоспар құру	Тоқсан сайын	Бастауыш сынып кураторлары